

*¹Жиренов А.А.  ²Ошан Ж. 

¹ҚР ҒЖБМ ҒК «Ғылым ордасы» РМК, Алматы, Қазақстан

²Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы, Қазақстан

E-mail: ¹seikhuni.kz@mail.ru, ²zhan918@mail.ru,

«ТАУАРИХИ ГУЗИДЕ-И НУСРАТ НАМЕ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ТОҚТАМЫС ХАН ТУРАЛЫ ЕКІ БЕТТІК ЖАЗБА

Аңдатпа. Мақалада XIV ғасырда, яғни, Темір Бектің² (Өмір Темір) дәуірінде орын алған оның замандастары Тоқтамыс пен Орыс хан арасындағы саяси текетірестердің көріністерін деректанулық және мәтінтанулық тұрғыдан қарастыру көзделеді. Осы орайда тарихи еңбектерге деректанулық зерттеу жүргізуде тарихи мәселелерді тилтаным тұрғысынан зерттеумен ұштастыра отырып қарастыру тәжірибеде бар зерттеу әдістерінің бірі болып саналатындығы ескерілуі қажет. Мақалаға арқау болған «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» трактаты Орта Азияны мекендеген көптеген түркі халықтары ортақ қолданған шығыс түркі тілі немесе ортағасырлық әдеби түркі тілі деп аталатын шағатай тілінде жазылған. Орта ғасырлардағы парсы-түркі тілінде жазылған тарихи шығармаларды анықтау мен оларды деректанулық тұрғыдан зерттеп, бұрынғы ғылыми жетістіктердің мазмұнын байытып, қатысты мәселелерге тұжырым жасау, тақырыпты едәуір тың мәліметтермен кеңейтуге мүмкіндік береді. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* Аталмыш «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» кітабының «Тоқтамыс ханның Урусханмен шайқасы» бөліміндегі мәліметтерге аударма жасап, ғылыми айналымға енгізу. *Нәтижелер.* Мақалада мәтінтанулық, деректанулық, зерттеулерді қолдану нәтижесінде тарихи тұлғалардың тұлғалық болмысын айқындап ашып беру мәселесімен қатар аталмыш тарихи оқиғалардың Қазақстан аумағында орын алуы басты назарға алынды. *Қорытынды.* Аталмыш шығарманың шағатай тіліндегі үзіндісі алғаш рет қазақ тіліне аударылып, транскрипция жасалуы тарихи жазба мұраларды ғылыми айналымға енгізіп қана қоймай, қазақ тарихына қатысты деректік базаны байытуға елеулі үлес қосады.

Алғыс. Зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «XIII–XV ғасырлардағы Жошы Ұлысының этносаяси және әлеуметтік-экономикалық тарихын зерттеу» гранттық қаржыландыруы аясында жүзеге асырылды (жеке тіркеу нөмірі: BR24992878).

Кілт сөздер: деректану, қаған, жазба жәдігер, ұлыс, бек, нөкер.

Кіріспе

Қазақ хандығының негізін қалаған Жәнібектің де, Керейдің де арғы атасы – Орысханның тарих сахнасында алар орны орасан. Тоқа Темірден тарайтын бұл тізбектің тұлғалары туралы «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» деген атпен белгілі еңбек Шыңғыс хан мен оның ұрпақтарының Шейбани ханға дейінгі оқиғаларды суреттейтін түркі-шағатай тіліндегі құнды жазба ескерткіші мен анонимдік «Му‘изз ал-Ансаб фи шаджаратис салатин мағол» атты жәдігерлерде азды кемді шежірелік өзгерістермен келтірілгені белгілі. Мақала Темір Бектің (Өмір Темір) кезеңін қамтитын замандастары Тоқтамыс пен Орысхан арасындағы кейбір саяси текетірестерді география тұрғысынан анықтап беруге жасалған ұмтылыс болып табылады. Дәлірек айтқанда, Тоқтамыс пен Орыс хан шайқасының Қазақ даласының оңтүстік өңірлерінде болғанын осы жазбаша дереккөз арқылы дәлелдеуге бағытталған.

² Әдетте тарихи аты белгілі Өмір Темір аты түпнұсқаларда Темір Бек есімімен берілген.

Материалдар мен әдістер

Мақаланың негізгі зерттеу нысаны ретінде анонимдік «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» еңбегіндегі «Тоқтамыс ханның Орысханмен шайқасып, Темір бекке қашып келгені» атауымен берілген тармағы қарастырылады. Зерттеу нысаны ретінде қарастырып отырған еңбек түпнұсқасы түркі шағатай тілінде жазылған. Зерттеу жұмысы тікелей «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» еңбегінің түпнұсқасына қатысты болғандықтан мақала қолжазба тарихын зерттеу, қолжазбатану және герменевтика әдіс-тәсілдеріне жүгінеді. Аталмыш анонимдік «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» қолжазба еңбегіне байланысты «Материалы по истории казахских ханств XV – XVIII веков (извлечения из персидских и тюркских сочинений) атауымен жинақ ретінде жарық көрген еңбекте «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» туралы төмендегідей сипаттама келтірілген: Еңбектің екі нұсқасы бар, олардың бірі КСРО ҒА АХИ ЛБ³ -да сақталған, екіншісі Британ музейінде сақталған. Одан әрі қарай: «Бізге дейін жеткен екі қолжазба да ақаулы сипатта, беттері үзілген қолжазбадан көшірілген көрінеді. Екі нұсқа да бөлек тараулар жоқ. Жалпы алғанда, Лондон нұсқасы Ленинград нұсқасына (Санкт-петербург нұсқасы) қарағанда толықтау. «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» екі негізгі нұсқасынан басқа, еңбектің бірнеше қысқартылған нұсқалары бүгінгі күнге дейін сақталған, оларда Мұхаммед Шайбани хан қайтыс болған күнге дейінгі оқиғаларды баяндайтын қысқаша толықтырулар бар» деген пікірлерді кездестіруге болады (Материалы, 1969: 9–14). Дереккөздің №3222 нөмірімен Британ музейінде, ал, № В-745 нөмірімен Санкт-петербург нұсқасын А.М. Акрамов өз еңбегінде көрсетеді. (Акрамов, 1965). Қолжазбаның Лондон нұсқасының көшірмелеріне қатысты Ч.Рье еңбектерінде Британ музейіндегі түркі қолжазбалары туралы каталогта аз көлемде жарық көргені айтылады (Ch. Rieu, 1888). Аталмыш бағытта тарихи жазба деректердің құндылығын, деректік маңызын аша түсу үшін объективтілік пен тарихилық қағидаттары басшылыққа алынды. Көтерілген шынайы тарихи мәселені нақты көрсетуде тарихи-жүйелілік әдістер қолданылды.

Талқылау

Деректануда тарихи деректерді зерттеу нысаны етіп тарихи мәселені сол негізде баяндау басты орында тұрады. «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» қолжазбасындағы «Тоқтамыс ханның Орысханмен шайқасып, қашып Темір бекке келгені» атауымен берілген бөліміндегі кей тарихи тұлғаларға байланысты мәліметтерді тексеруге жақсы мүмкіндік береді. Оның ішінде басқа дереккөздерде баяндалып аттары аталмаған бектердің, нөкерлердің есімдерін және Тоқтамыс пен Орысхан арасындағы кейбір саяси текетірестер мен оқиғалардың орын алуын географиялық тұрғыдан анықтап беретінін төмендегі мәтіндердің аудармасынан көруге болады. Түркі-шағатай тіліндегі «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» еңбегінде бұл туралы мынадай мәліметтер бар:

(Мәтіннің таңбалануы)

- 1/ حکایت
2/ توقتامیش خان اوروس خان دین اوروشوب قجیب تیمور بیگ کا کلکانی
3/ جون توقتامیش خان کلادور دیب تیمور بیگ کا خبر یپردی لار ایرسا تومان تیمور
4/ دیکان بیگ نی خان غه قرشو ییاریب یخشی اعزاز و اکرام بر لا کلنوروب سمرقند
5/ دا کوروشتی لار تقی یخشی طویلار قیلیب آط و توا باش ایاق التون کموش پییشکیش
6/ قلیب نوکرین یخشی یراغ لاندروب اوترار صبران سپاهیلا رین مدد قوشوب اوروس
7/ خان اوستیکا ییاردی ایرسا اوروس خان نینک اوغلی قوتلوق بوغا قرشو کلیب توقتا
8/ ستوروب ینه تیمور بیگ کا برغاندا کوب عزت لار بر لا ینه انینک
9/ یراغین مکمل قلیب اوروس خان اوستی کا ییاردی اول بارغاندا اوروس

³ Яғни, сол кездегі Ленинград бөлімі. Қазіргі Санкт-Петербург.

- 11/ Хан нинк⁴ алуғ ағлы توقта қра қлиб қтиғ аорوش лар қлиб
12/ тұқтамйш хан нй ыне басйб торор хан ол аорوش да аозыны суге
13/ салйб срсوى нй бр жомоб кжйб торор тқы сунйнк ол йозыка
14/ жйқарда توقта қра нйнк қранжй атлығ нокры тұқтамйш хан нй йлкй ка
15/ аوق брла аороб торор тмюр бйк ол мхлда бхара да айрмйш
16/ хан нйк басторғанйн бйб аокко брлас дйкан аны сйн хан
17/ аорوشған йрка йбаркан торор кйм хан нйнк хйрйн бйлйб клкай
18/ аоккобрлас барйб ол йрка йтканда қолагйне жнкл дйн налш аоны
19/ қлиб накае барйб бақты лар айрса налш аоны тұқтамйш хан айрмйш
20/ йралығ йатған торор аоккобрлас тқы тوشоб ханге йағлы боламқ қлиб
21/ ачороб хан аозыка клкаж алыб бхараге тймюр бйк ка қлиб торор
22/ тмюр бйк тқы йхшы пйшкйш лар қлиб жрыкй йрағын қылор да аорос
23/ хан дйн тймюр бйк ка йлжй лар қлиб дйды кйм мнйнк аоглом нй
24/ олторкан дшмнйм нй мнка йбаркйл дйб қтиғ сйаст лар қлиб йбарйб

(Tavārīkh-i, 1502/03: f. 35r)

- 25/ торор тймюрбйк тқы тұқтамйш хан нй брмай аозы жрык тұртыб қлиб
26/ аорос хан аусты ка йорйды аотрар ге йтыб жрыкй ка йрағ брыб
аотрар ташйда аорос хан брла санжйшйб торор ол аорوش да
аорос хан нй басйб аорос хан аозы қйа болуб табйльмады
27/ тймюр бйк тмам айл лайн алыб тұқтамйш хан ге брды аозы йанйб
28/ смрқнд ге барды андйн сонк тұқтамйш хан тймюр млк аоглан лары
29/ брла аорوشоб йне бастороб тймюрбйк ка қлиб торор тймюрбйк
30/ тқы йне аоз ханы дйк йсаб бйк ларйн қوشоб йне тймюр млк аоглан
31/ аусты ка йбарды айрса аорوشоб бастороб йне ййағ қалйб
32/ тймюрмлк қашы га барды айрса олтормай торор нже وقت лар анда
33/ йороб ахр мхал тар та амай қжйб йне тймюрбйк ка клмйш тймюрбйк
34/ тқы йне йрағ йн қйлыб кожландороб қратал қйшлағйда тймюр млк
35/ аоглан нйнк аустыка йбармйш ол барғанда тймюрмлк нй басйб
36/ олторды тқы айл ларйн алыб сойнж хواجه атлығ нокрйн тймюр бйк
37/ ка саонжй лай йбарйб торор тймюр бйк тқы шадман болуб
38/ коб нйме лар брыб аозатды о аллһ аелм

(Tavārīkh-i, 1502/03: f. 36r)

Мәтіннің аудармасы:

«Тоқтамыс хан Урусханмен шайқасып, қашып Темір бекке (Әмір Темір) келгені туралы хикая»


Тоқтамыс хан келе жатқаны туралы хабар Темір бекке жетеді.

Түмен Темір деген бекті Орысханға қарсы жіберіп, Тоқтамыс ханға жақсы сый құрмет көрсетіп, самарқандта жолығып көріседі. Той жасап, ат, түйе бастан аяқ түгел алтын күмістендіріп сый көрсетіліп, түрлі тағамдар пісірілді. Қасына нөкерін қосып қару жарақ беріп, Отырар, Сабран [Сауран] әскерлерін көмек ретінде қосып Орысханға қарсы аттандырады. Орысханның баласы Қутлығ Бұға Тоқтамыс ханмен қарсыласып шайқасады. Нәтижеде, Қутлығ Бұға оқ тиіп көз жұмады. Тоқтамыс хан шайқастан [шаршап, әлсіреп] қайтқанда оған Темір бек тағы көптеген сый құрмет көрсетіп, қару жарақпен қамтамасыз етіп, (қайта) соғысқа жібереді. Бұл шайқаста Орысханның үлкен ұлы Тоқты Қара олармен тым қатты шайқасады. Тоқтамыс хан жеңіліс табады. Хан өзі ол шайқаста Сырдың суына


⁴ Мына жердегі нйнк-хан аорос хан аусты ка йбарды ол барғанда аорос хан нйнк-хан нұсқасында келтірілмеген.

шомылып, кешіп өтерде судың бетіне шығып жатқан оны Тоқты Қараның Қыраншы атты нөкері желкесінен оқ атып жібереді. Ол кезде Темір бек Бұхарада еді. Ханның [Орыс хан] оны [Тоқтамысты] басып жаншығанын біліп, Үкібарлас деген інісін шайқас болған жерге хабарын біліп келуге жібереді. Үкібарлас ол жерге жеткенде тоғай арасынан ыңырсыған дауыс естіледі. Білдірмей барып қараса налыған дауыс жаралы Тоқтамыс хандыкі екен. Үкібарлас дұшпандық жасамақ болып ішұрып ойланып қалады. Хан есін жиып өзіне келгенде, оны алып Темір бекке Бұхара қаласына алып келеді. Темір бек оларды жақсы қарсы алып тамақтандырып әскерлерін жабдықтармен қамтамасыздандырып жатқан кезде Орысханның елшілері жетіп келді. Олар: Менің ұлымды өлтірген жауымды маған аттандырыңдар, - деген қатаң түрдегі мәлімдемені жеткізіп келгендері еді.


Темір бек тағы Тоқтамыс ханды бермей өзі әскер жасақтап Орысханға жол тартады. Отырарға жетіп әскеріне қару жарақ беріп, Отырардың жанында Орысхан мен шайқасады. Ол шайқаста Орысханды басып жаншиды, бірақ оның өзі қындық тудырып ол жерден табылмайды. Темір бек оның барлық елін алып Тоқтамыс ханға береді. Өзі қуанып Самарқанға кетті. Одан соң Тоқтамыс хан Темір Маликтің балаларымен шайқасып жеңеді. Сөйтіп, Темір бекке келеді. Темір бек оны өз ханындай жасауын беріп, жанына бектерін қосып Темір Малик ұланға жіберді. Онымен шайқасып басып-жаншып, қосымша жарақтандырып Темір Маликтің қасына келеді. Дейтұрғанмен оны біраз уақыт өлтірмей жүреді. Соңында оған шамасы жетпей қашып, қайта Темір Бекке келеді. Темір бек оған қару жарақ беріп, күштеңдіріп Қаратал қыстағындағы Темір Малик ұланға [қайта] аттандырады. Ол жақта онымен соғысып, оны өлтіреді. Әрі оның елін өз қарамағына алып, Сүйінші Қожа атты нөкері арқылы сауыншы [қаралы] хабарды Темір бекке жеткізуге жібереді. Темір бек [естіп] шаттанып қуанып, көптеген заттармен сыйлап шығарып салады. Анығын Аллаһ білуші. (Tavārīkh-i, 1502/03: f. 36 r)



1 – сурет. Tavārīkh-i Guzīdah-yi Nuṣrat-nāmah (manuscript). 1502/03: f. 35r



2 – сурет. Tavārīkh-i Guzīdah-yi Nuṣrat-nāmah (manuscript). 1502/03: f. 35v



3 – сурет. Tavārīkh-i Guzīdah-yi Nuṣrat-nāmah (manuscript). 1502/03: f. 35r - 36 r)

Тарихтан мәлім болғандай 1340 жылдарға қарай Шағатай ұлысы іс жүзінде бірқатар иеліктерге ыдырап, хандық саяси жағынан қиын күндер өткізіп жатқан еді. Шығыс бөлігінде Моғолстан пайда болды. Батыс бөлігінде (Мауераннаһр аймағы) әртүрлі иеліктер қалыптасты. 1346 жылы билік басына әмір Қазаған келген еді. Бұл Мауераннаһрдағы Шағатай әулетінің билігін тоқтатты. Ал, солтүстік өңірлерде Жошы Ұлысының билігінде өзара саяси тартыстар болып жатты. Аталары Жошыдан тарайтын Орыс хан мен Тоқтамыс хандардың таққа талас шайқастары Әмір Темірдің (Темір бектің) араласуымен тоқтауға себеп болды. Мауераннаһр аймағы бұл уақытта Әмір Темірдің қолдауымен Тоқтамыс ханның билікке келер жеңісімен аяқталып, Орыс хан мен оның балалары ойсырай жеңіліс тапқан кезі еді. Нәтижеде 1376 жылы Тоқтамыс хан билікке келіп Орданы толыққанды бағындырады. Жоғарыда көріп отырғанымыздай, орта ғасырлық мәтіндердегі атаулардың сол кезеңдегі формалармен берілуі табиғи құбылыс екенін аңғаруға болады. Мысалы жер су, адам аттарына байланысты Сауран, Отырар қалаларының атауы Сабран, Утрар деп берілуі, Әмір Темірдің *Темир Бек*, Орысханның Урус хан деп жазылуы секілді нәрселер. Сондай-ақ, тарихи кезең ретінде екі Ұлыстың (Жошы ұлысы, Шағатай ұлысы) соңғы қиын сәттерін бастан кешіп келе жатқандарын атап айтса болады. Мақала осы сәттегі тарихи көріністер туралы «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» қолжазбасында жазылған мәліметтерді оқырманға көрсетіп беруді мәтінтанулық тұрғыда мақсат тұтады.

Нәтижелер

Жазбаша дереккөзбен жұмыс барысында екі беттен тұратын қолжазбалық мәтіндердегі мәліметтер шежіресі Тоқа Темірден тарайтын тек қос қағанмен, және Темір Бекпен (Әмір Темір) ғана шектелмегенін байқаймыз. Мәтінде сол кезеңде өмір сүрген көптеген бектер мен нөкерлердің аттары кездеседі. Олардың ішінде: Түмен темір, Қыраншы (нөкер), Сүйінші Қожа(нөкер), Үкібарлас және хан ұрпақтары Қутлығ Бұға, Темір Малик сынды кісілердің аттары бар. Топонимикалық бағытта қазақ даласының географиясына қатысты бұрынғы Шағатай ұлысының аймағына жататын Отырар, Сауран, Қаратал өңірлері, Өзбекстан аймағындағы Самарқанд, Бұхара өңірлері сол кезеңдегі болған оқиғалардың куәсі екендігін анықтап көрсетіп тұр. Сол сияқты, кейбір түсініксіз нәрселерді неғұрлым дәлме дәл ашып беруге талпыныс жасалды. Осы арабграфиялық қысқа бөлімшеге қатысты мәтінтанулық жүйедегі таңбалану (транскрибция) және мәтін аудару тәсілдеріне басты назар аударылды.

Қорытынды

Қорыта келе, XVI ғ. басында жазылған «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» қолжазбасындағы «Тоқтамыс хан Орысханмен шайқасып, қашып Темір бекке (Әмір Темір) келгені туралы хикая» бөлімі алғаш рет шағатай-түркі тіліндегі түпнұсқадан қазақ тіліне аударылып, транскрипция жасалуы тарихи жазба мұралардың мазмұнын байыта түсуге жол аша түседі. Сондай-ақ, көптеген ортағасырлық оқиғалардың қазақ даласында орын алғанын растайды әрі отан тарихына қатысты кейбір тұстары алдағы жұмыс бөлігі болуына көмек етеді.

Әдебиеттер:

Акрамов А.М. 1965. – *Акрамов А.М.* Таварих-и гузида - Нусрат-наме: сочинение анонимного автора XVI в. // Диссертация на соискание учен. степени кандидата филол. наук. Ташкент: Ин-т востоковедения им. Абу Райхана Бируни АН УЗССР. 1965. 190 с.

Акрамов А.М. 1969. – *Акрамов А.М.* «Таварихи гузида – нусрат-наме». Исследование, критический текст, аннотированное оглавление и таблица сводных оглавлений. Ташкент: Фан. 1967. 644 с.

Материалы 1969. – Материалы по истории казахских ханств XV – XVIII веков (извлечения из персидских и тюркских сочинений). Алма-Ата: Наука, 1969. 650 с.

Материалы 1925. – Материалы к истории киргиз-казацкого народа. Ташкент: Восточное Отделение Киргизского Государственного Издательства. 1925. 75 с.

Баранов Х.К. 1985. – *Баранов Х.К.* Арабско-русский словарь. Москва., изд. «Русский язык». 944 с.

Миллер Б.В. 1960. – *Милер Б.В.* Персидско-русский словарь. Москва, 1960. 668 с.

Шейх Сулайман Афанди Узбаки әл-Бухари. 1973. – *Шейх Сулайман Афанди Узбаки әл-Бухари.* Фарханг чағатай фариси. Тебриз, 1973. 397 б. (Шағатай-парсы тілдерінің сөздігі)

Rieu Ch. 1888. – *Rieu Ch.* Catalogue of the Turkish Manuscripts in the British Museum. London: Longmans, 1888. 358 p.

История 2005. – История Казахстана в арабских источниках // Министерство образования и науки Республики Казахстан. Институт востоковедения имени Р. Б. Сулейменова. – изд., перераб. и доп. Алматы: Дайк-пресс, 2005.

Muizz – Muizz al-ansb f šarat al-ansb (Муиз аль-ансаб). (1501-1600). Source gallica.bnf.fr / Bibliothèque nationale de France. Département des Manuscrits.Persan 67. 183 p. [Электронды ресурс] – URL: <https://gallica.bnf.fr/services/engine/search/sru?operation=searchRetrieve&version=1.2&query=%28dc.title%20all%20%22MU%CA%BFIZZ%20al-ANS%C4%80B%20f%C4%AB%20%C5%A0A%C7%A6RAT%20al-ANS%C4%80B%22%29&keywords=MU%CA%BFIZZ%20al-ANS%C4%80B%20f%C4%AB%20%C5%A0A%C7%A6RAT%20al-ANS%C4%80B&suggest=3>

Tavāriḫ-i – Tavāriḫ-i Guzīdah-yi Nuṣrat-nāmah (manuscript). (908 AH/1502-03 CE) British Library: Or 3222, 313 p. [Электронды ресурс] – URL: https://www.bl.uk/manuscripts/FullDisplay.aspx?ref=Or_3222&index=1

References:

Akramov A.M. 1965. – Akramov A.M. Tavarikh-i Guzida - Nusrat-name: Cooked by the anonymous author of the XVI century. // The dissertation for the scientist. degree of candidate Philol. sciences. Tashkent: Institute of Oriental Studies named after Abu Raikhan Biruni Academy of Sciences of the AN UzSSR. 1965. 190 p.

Akramov A.M. 1969. – Akramov A.M. "Tavarikhi Guzida-Nusrat-Nama." Research, critical text, annotated table of contents and table of consolidated tables. Tashkent: Fan. 1967. 644 p.

Materials 1969. - Materials on the history of Kazakh khanates of the XV - XVIII centuries (extracts from Persian and Turkic works). Alma-Ata: Science, 1969. 650 p.

Materials 1925.-Materials for the history of the Kyrgyz-Kazak people. Tashkent: Eastern branch of the Kyrgyz State Publishing House. 1925. 75 p.

Baranov KH.K. 1985. – Baranov KH.K. Arab-Russian dictionary. Moscow., Ed. "Russian language". 944 p.

Miller B.V. 1960. – Miler B.V. Persian-Russian dictionary. Moscow, 1960. 668 p.

Sheykh Sulayman Afandi Uzbaki әl-Bukhari. 1973. – Sheykh Sulayman Afandi Uzbaki әl-Bukhari. Farkhang chaғataiy farisi. Tebriz, 1973. 397 p. (Chagatai Persian Dictionary)

Rieu Ch. 1888. – Rieu Ch. Catalogue of the Turkish Manuscripts in the British Museum. London: Longmans, 1888. 358 p.

History 2005. – The history of Kazakhstan in Arabic sources // Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan. Institute of Oriental Studies named after R. B. Suleimenov. – edition., outfit. and add. Almaty: Dike Press, 2005.

Muizz – Muizz al-ansb f šarat al-ansb (Muiz al'-ansab). (1501-1600). Source gallica.bnf.fr / Bibliothèque nationale de France. Département des Manuscrits.Persan 67. 183 r. [Elektronnyy resurs] – URL: <https://gallica.bnf.fr/services/engine/search/sru?operation=searchRetrieve&version=1.2&query=%28dc.title%20all%20%22MU%CA%BFIZZ%20al-ANS%C4%80B%20f%C4%AB%20%C5%A0A%C7%A6RAT%20al-ANS%C4%80B%22%29&keywords=MU%CA%BFIZZ%20al-ANS%C4%80B%20f%C4%AB%20%C5%A0A%C7%A6RAT%20al-ANS%C4%80B&suggest=3>

ANS%C4%80B%22%29&keywords=MU%CA%BFIZZ%20alANS%C4%80B%20f%C4%AB%20%C5%A0A%C7%A6RAT%20al-ANS%C4%80B&suggest=3

Tavārīkh-i – Tavārīkh-i Guzīdah-yi Nuṣrat-nāmah (manuscript). (908 AH/1502-03 CE) British Library: Or 3222, 313 r. [Electronic resource] – URL: https://www.bl.uk/manuscripts/FullDisplay.aspx?ref=Or_3222&index=1

¹Жиренов А.А., ²Ошан Ж.

¹РГП на ПХВ «Ғылым ордасы» КН МНВО РК, Алматы, Қазақстан

²Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, Алматы, Қазақстан

E-mail: ¹seikhuni.kz@mail.ru, ²zhan918@mail.ru

«ДВУХСТРАНИЧНОЕ УПОМИНАНИЕ О ХАНЕ ТОКТАМЫШ В ТРАКТАТЕ «ТАВАРИХИ ГУЗИДЕ-И НУСРАТ НАМЕ»

Аннотация. В статье рассматриваются политические противостояния XIV века между современниками Темир-бека (Амира Темира) – Тохтамышем и Урус-ханом с позиций источниковедения и текстологии. При этом подчеркивается, что сочетание источниковедческого анализа исторических трудов с их лингвистическим исследованием является одним из апробированных методов научного изучения. В основу работы положен трактат «Таварихи гузиде-и нусрат наме», написанный на чагатайском языке, который в средние века выступал в качестве восточнотюркского литературного языка и служил средством письменного общения для многих тюркских народов Центральной Азии. Определение и исследование памятников, созданных на тюрко-персидском языке, позволяет не только выявить новые факты и обогатить содержание предшествующих научных результатов, но и значительно расширить проблемное поле за счет введения в оборот дополнительных данных. Цель исследования заключается в переводе и введении в научный оборот раздела «Битва Тохтамыш-хана с Урус-ханом» данного произведения, а задачи охватывают текстологический и источниковедческий анализ, сопоставление данных рукописных источников с историческими реалиями и уточнение сведений о личности правителей. В результате выявлено, что вместе с определением индивидуальных характеристик исторических фигур особое внимание заслуживает локализация упомянутых событий на территории современного Казахстана. Заключение статьи заключается в том, что впервые выполненный перевод и транскрипция чагатайского текста на казахский язык не только вводят в научный оборот новый письменный источник, но и вносят значительный вклад в обогащение источниковедческой базы по истории Казахстана.

Благодарность: Исследование при поддержке Комитета науки Министерстванауки и высшего образования Республики Казахстан в рамках грантового финансирования (проект ИРН BR24992878 - Изучение этнополитической и социально-экономической истории Улуса Джучи в XIII-XV веках).

Ключевые слова: источниковедение, каган, письменный памятник, улус, бек, нукер.

¹Zhirenov A.A., ²Oshan Zh.

¹RSE «Gylym Ordasy», Committee of Science, Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan

²Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹seikhuni.kz@mail.ru, ²zhan918@mail.ru

«A TWO-PAGE REFERENCE TO KHAN TOKHTAMYSH IN THE TREATISE TAVARIKHI GUZIDE-I NUSRAT NAME»

Abstract. The article examines the political confrontations of the 14th century between contemporaries of Temir-bek (Amir Temir) — Tokhtamysh and Urus Khan — from the perspectives of source studies and textology. It emphasizes that the combination of source-critical analysis of historical works with their linguistic study is among the well-established methods of scholarly investigation. The study is based on the treatise Tavarikhi Guzide-i Nusrat Name, written in Chagatai, a medieval Eastern Turkic literary language that served as a common written medium for many Turkic peoples of Central Asia. The identification and analysis of works composed in the Turko-Persian tradition not only allows the discovery of new facts and the enrichment of previous scholarly results but also significantly expands the scope of research through the introduction of additional data. The aim of the study is the translation and introduction into academic circulation of the section “The Battle of Tokhtamysh Khan with Urus Khan” from the aforementioned work, while its objectives include textological and source-critical analysis, the correlation of manuscript data with historical realities, and the clarification of information regarding the rulers’ personalities. As a result, it is demonstrated that alongside defining the individual characteristics of historical figures, special attention should be paid to the localization of the described events within the territory of present-day Kazakhstan. The study concludes that the first-ever translation and transcription of this Chagatai text into Kazakh not only introduces a new written source into scholarly use but also makes a significant contribution to the enrichment of the source base for the history of Kazakhstan.

Acknowledgments. The research was carried out with the support of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan within the framework of grant funding (project IRN BR24992878 – Study of the ethno-political and socio-economic history of the Ulus of Jochi in the 13th–15th centuries).

Keywords: source studies, khagan, written monument, ulus, beg, nökör.

Авторлар туралы мәлімет:

Жиренов Аскар Асанович, Әл-Фараби атындағы ҚАЗҰУ докторанты, ҚР ҒЖБМ ҒК «Ғылым ордасы» РМК Сирек кездесетін кітаптар музейінің меңгерушісі, Алматы, Қазақстан.

Ошан Жанымхан, Тарих ғылымдарының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы, Қазақстан.

Информация об авторе:

Жиренов Аскар Асанович, докторант КАЗНУ им. Аль-Фараби, заведующий Музеем редких книг РГП на ПХВ «Ғылым ордасы» КН МНВО РК, Алматы, Казахстан.

Ошан Жанымхан, Кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник, Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК, Алматы, Казахстан.

Information about authors:

Askar Asanovich Zhirenov, Doctoral student of Al-Farabi Kazakh National University, head of the Museum of Rare Books Republican State Enterprise on the right of economic management «Ғылым ордасы», Almaty, Kazakhstan.

Oshan Zhanymkhan, Candidate of Historical Sciences (History), Senior Researcher, Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Almaty, Kazakhstan.